



**Қазақстан ның өзендері тақырыбына өткізген сабағым:**

- Сабақтың мақсаты:** а) білімділік: қазақстан өзендеріне талдау жасай отырып, жаңа технология әдістері, яғни интерактивтік тақта арқылы оқушылаға білім беру, материалды меңгеру дәрежесін бақылау
- ә) дамытушылық: оқушылардың өз бетінше жаңа ақпараттық технологияны пайдаланып, географиялық білімін кеңейтіп, олардың ғылымға деген қызығушылығын, ой-өрістің шығармашылық белсенділігін арттыру, зерттеушілік қабілетін дамыту, өз беттерінше ойлап шешім қабылдай білу дағдысын қалыптастыру;
- б) тәрбиелік: Қазақстанның ішкі суларын қорғау, оның шаруашылықтағы маңызын түсіндіру, экологиялық тәрбие беру.



# Сабақтың түрі: Аралас сабақ

1. Сабақтың әдіс-тәсілдері: Ауызша сұрақ-жауап, кестелермен жұмыс, салыстыру, картамен жұмыс, тест тапсырма ларын орындау.
2. Қажетті құрал-жабдықтар: Қазақстанның физикалық картасы, интерактивтік тақта құралдары, кескін карта.
3. Пайдаланылған әдебиеттер: 1.Ә. Бисенова “Қазақстанның физикалық географиясы” 2008 ж.
4. 2.Б. Асаубаева “Қазақстанның физикалық географиясын оқыту әдістемесі” 2006 ж.
5. 3.Асаубаев “Қазақстанның физикалық географиясының жұмыс дәптері” 2006 ж.
6. Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих, биология, экология




# САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

- 1.Ұйымдастыру бөлімі-2м
- 2.Үй тапсырмасын сұрау-10м
- 3.Жаңа сабақ-10 м
- 4.Кескін картамен жұмыс-6 м
- 5.Сергіту сұрақтары -3 м
- 6.Жұмбақ шешу-2м
- 7.Сәйкестікті табу-2 м
- 8.Бекіту-7 м
- 9.Бағалау-2 м
- 10. Үйге тапсырма беру-1 м
- 11. Психологиялыө тренинг-1 м




# Жаңа сабақ:

- Жаңа сабақ: Балалар, сендер 6- класта су қабығы туралы өттіңіздер, өткенді еске түсіріп төмендегідей сұрақтарға жауап беріп көріңдер:
- Жердің су қабығы не деп аталады?
- Судың неше күйі бар?
- Сулардың түрлерін ата? Бұл сұрақтар ды берудегі мақсат не деп ойлайсыңдар, біз бүгін қандай тақырып өтуіміз мүмкін?

- 
- Жаңа сабақты, яғни Қазақстан өзендерін интерактивтік тақтаға тірек – сызба әдісімен түсіріп қойып, оқушылар өздері сол әдіс арқылы жаңа сабақты меңгеріп, ой қорытады. Өзендердің қай алаптарға жататыны, ұзындықтары, қоректену режимі тақтаға берілгендіктен оқушылардың түбегейлі білім бекітуі үшін кескін картамен жұмыс беріледі.






○ Тақтадағы кескін картада өзендер санмен берілген, қандай өзен екенін тауып кескін картаға түсіреді.

# Сергіту сұрақтары:

- суға байланысты теңеулер тақтаға жазылып, сол теңеулерді тауып толықтырып жазу керек:
- Ініне су құйды-
- Суға сіңгендей-
- Салы суға кетті-
- Судан ақ , сүттен таза-
- Көңілі су сепкендей басылды-
- 
- Суға байланысты мінез-құлық баламасы:
- Сужүрек
- Сужүкпас-
- Суайт –
- Сумұрын –



- 
- Жұмбақ шешу:
  - Алады басын аласа таудан
  - Ағатын маңы жазықты аудан.
  - Жаныңа жақын таныс бір өзен,
  - Айтпастан бұрын жақсылап ойлан (Жем)
  - 
  - 
  - Еліміздегі ең сулы өзен
  - Таситын кезі ең жылы кезең.
  - Шаруашылықта маңызы зор
  - Табасың оны, ойлансаң, сезем(Ертіс)
  - 
  - 3.Бекіре балық байлығы болар,
  - Тасыған кезде арнасы толар.
  - Кемелер жүзіп еліміз үшін,
  - Бұл өзен тасымал шаруаға жарар(Жайық)



## Сәйкестікті табу:

- Ертіс Каспий
- Сырдария Солт. Мұзды мұхит
- Жем Арал
- Торғай Балқаш
- Қаратал Арал



## Бекіту: Тест

1. Қазақстан аумағында қанша өзен бар?

А. 4 мың

Ә. 48 мың

Б. 56 мың

В. 85 мың

2. Елімізде ұзындығы 1000 км-ден асатын қанша өзен бар

А. 10

Ә. 12

Б. 7

В. 15

• Солтүстік мұзды мұхит алабына жататын өзенді ата?

А. Жайық

Ә. Ертіс

Б. Сырдария

В. Сарысу



ндай?

4.Республика

А. 4-6 км

Ә. 9-10 км

Б.1-2 км

В. 16-18 км

5.Жылдыз

А. Шу

Ә. Ертіс

Б.Торғай

В.Іле

6.Елімізде қанша су бөгені бар

А. 3000

Ә. 450

Б.268

В.168

7.Бұқтырма бөгені өай өзенге салынған


А. Сырдария

Ә. Ертіс


Б. Жайық

В.Талас

8.Батыс Қазақстанның өзені





A scenic view of a mountain valley with a river and dense green forests. The text is overlaid on the image.

● Бағалау: әр оқушының жауабына ұзын және қысқа өзендер жазылған карточкалар беріп отыруға мысалы ең жақсы жауапқа ең ұзын өзен, жақсы жауаптарға сәл қысқа өзен, төмен жауаптарға қысқа өзен карточкалары беріледі.мысалы,ең ұзыны Ертіс, орташасы-Жайық, қысқасы-Жем



**Психологиялық тренинг:**

**Ертеде Каспий деген қария өмір сүріпті.оны Жайық,Жем,Сағыз деген төрт ұлы болыпты.олар әр аймақта өмір сүреді екен. Тек көктемде ғана әкелеріне көрісіп барып қайтады екен.**

**Жайық- көңілді, ашық, үнемі күліп жүреді екен**

**Жем болса уайымшыл, қорқақ, әлсіз болса керек**

**Сағыз өркөкірек, менмен, тәкаппар екен.**

**Ойыл болса мінезі теріс, ашуланшақ болыпты.**

**Олардың әкесіне жетуі үшін қар мен жаңбыр суы жеткілікті болуы қажет екен.**

**Жайық көп уайымдамайды екен, себебі ол әкесін күнде көріп тұрады, суы жеткілікті,сондықтан үнемі көңілді жүреді.**

**Жем өзінің суы таусылып қалады деп қорқып, мен әкеме жетпей далада қалсам қайтеді деп уайым шегеді.**

**Ал Ойыл болса ой мейлі сендер –ақ барыңдар, жетпесем маған бәрібір, құмға сіңіп ұйықтаймын деп кеудесін көтереді екен.**

**Сағыз суының аздығына ызаланып, жан-жағына тиісіп , ұрыс шығарып жүреді екен.**

**Енді осы өзендердің мінездерін бет қимылдармен, дене қимылдарымен көрсетіп денемізді жаттықтырайық .**

**Биылғы қоян жылында қар қалың жауып, жаз жаңбырлы болып,аталған өзендер әкелеріне жетсе екен, өзендер жағасындағы ел өзегі талмай аман болса екен деп тілеп, бетімізді сипап сабақты аяқтайық.**



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**